

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

# АҚТӨБЕ



1924-2024

ЖЫЛ

ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫЛНАМАСЫ



4 870220 330029



Елдік пен ерлік ұғымы — біртұтас. Оларды бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Талай тарих тезінде еңсесін биік ұстап, ерлік үлгісін көрсете білген қазақ халқы ел бірлігі, жер тұтастығы жолында саналуан сынды бастан өткерді. Сыртқы жаулардың бетін қайтарып, олардың басқыншылық әрекеттеріне батыл тойтарыс беріп, екпіндеп келген арынын басып, ажал құштырған ерлеріміз аз емес. Солардың бірі — ел қорғау жолында ат үстінен түспеген, найзасына сүйеніп ұйықтап, жат жұрттықтарды жанына жақындатпаған Есет Көтібарұлы. Өткен жұмада Ақтөбеде — Есет батыр Көтібарұлының ескерткіші ашылды.

# ЕРЛІКТІҢ ЕСКЕРТКІШІ

## Ақтөбеде Есет батыр Көтібарұлына ескерткіш ашылды

нен ашып көрсетіп, ғылыми деректерімен, архив құжаттарымен нақтыланған мәліметтерді жұртшылық назарына ұсынды.

Тарихшылардың баяндауынша, 1847 жылдан бастап батыр Есет Көтібарұлы айналасына Кіші жүздегі Әлім, Жетіру, Байұлы тайпаларының бірсыпыра руларын топтастырып, күш жинай бастады. Осы кезде ел Кішкене Шекті қауымын бастаған батыр Жанқожа Нұрмұхамедұлымен және Шөмішті Табынның бийі Дәуіт Асауұлымен қоян-қолтық араласып, бір бағыт ұстайды. Патша үкіметінің саясатына қарсылық ретінде Ресейдің түкпірінен Орта Азия хандықтарына жөнелтілген сауда керуендерін шауып алу, Хиуа хандығымен бірлесіп орыс-казак әскери отрядтарына қарсы шығу, бекіністі шептерге шабуыл жасау қимылдарын көрсетеді.

Осындай көріністер арқылы ғалымдар жиналғандар жадына ескі жылдардың суретін қайта жаңғыртты.

Жиында Есет батыр туралы ел аузындағы өңімелер де айтылмай қалған жоқ. Мемлекеттік қызмет ардагері, облыстың танымал азаматарының бірі Қанатбай Елеусізұлы өз сөзінде «Алып — анадан туады» деген халық тағылымын еске ала отырып, Есетті дүниеге әкелген Ақсары атты Адай қызының заманында ақылды да көрікті адам болғанын тілге тиек етті. Осындай ойлы өңімелер басқосуда аз айтылған жоқ. Мұның барлығы жас ұрпаққа тәлім-тағылым іспетті дүниелер болады деп ойлаймыз.

### Шымкенттен — Ақтөбеге

Есет батырдың ескерткіші оңтүстік өңірде — Шымкент қаласында жасалды. Оның негізгі авторы — ақтөбелік мүсінші Жеңіс Жұбанқосов. Ол ескерткіштің эскизін дайындағаннан кейін шымкенттік скульптор, Қазақстан Суретшілер

одағының мүшесі Серікбай Жорабеков қоладан құйып, қазіргі қалпына келтірді.

Ақтөбелік делегация ескерткішті елге жеткізу шарасын үлкен рухани-танымдық бағдарламамен орайластырды.

Олар Шымкент қаласындағы Тілеу батыр Айтұлы мен оның баласы Жолдыаяқ батыр ескерткіші алдында халықпен жүздесу ұйымдастырды. Көнекөз қариялар жастарға елдік пен ерлік тағылымын ұғындыратын өңімелер айтып, өткеннің өнегесін таратты.

— Осында заң ғылымдарының докторы, белгілі руханият жанышыры Бекет Тұрғараев ақтөбелік қонақтарды Қазығұрт аумағында бой көтерген «Бабалар рухына тағзым» кешіне алып барып, тарихи жәдігерлермен таныстырды, — дейді жергілікті экспедиция жетекшісі, Есет Көтібарұлы атындағы қордың басшысы, үздік өлкетанушы Аманғали Мұхамбетұлин. — Мұндағы Жалаңтөс баһадүр мен Салқам Жәңгір ханның ат үстіндегі айбарлы көрінісі, қазақтың үш биінің ой үстіндегі отырысы, Ұлы Отан соғысының 70 жылдығына арналған «Бабалар рухына тағзым» бөлімі, «Аналарға тағзым» монументі, этно ауыл, сондай-ақ Бекет ата кесенесі бізге ерекше әсер етті. Осы кесененің маңдайшасында жазылғандай, аталған ғимарат Бекет ата Мырзағұлұлының 270 жылдығына арнайы тұрғызылған.

Шымкенттік азаматтар жайған қонақжай дастарқан басында Есет Көтібарұлы туралы да келелі әңгіме қозғалады. Оңтүстік өңірде құрылған «Тілеу батыр» қоғамдық қайырымдылық қорының басшысы Иманәлі Байдеулетов осындағы көптеген игі шаралар туралы айтып береді.

Осындай үйлесімді басқосудан соң Есет батыр ескерткіші орналасқан көлік салтанатты шерумен елге қарай қозғалады. Енді олар-

ды Қазалы жерінде жергілікті азаматтар күтіп алады. Мұнда жолаушылар Әйтеке би, Жалаңтөс батыр, белгілі қолбасшы Жанқожа Нұрмұхамедұлы рухтарына тағзым етіп, олардың ескерткіштері мен кесенелері басында аруаққа Құран бағыштайды.

Ал Ырғыз өңірінде Шалқар және Ырғыз аудандарының делегациялары кездесу ұйымдастырып, сапардан оралған жерлестерге ерекше құрмет көрсетеді.

Осылайша Есет батырдың ескерткішін елге әкелу рәсімі көпшілік арасында рухани толқыныс, қуаныш пен мақтаныш сезімін тудырып, ерлікке тағзым, өткенге құрмет жасау мүмкіндігін берді.

### Ұрпақ парызы

Алдыңғы буынның үлгісін алға ұстану, оны құрметтеу, насихаттау — кейінгі ұрпақ парызы.

Қазақтың бүгінгі қолбасшыларының бірі, генерал-лейтенант Болат Жанасаев — осы тұрғыдан өзінің перзенттік борышын адал атқарып келе жатқан азаматтардың бірі. Ол тәуелсіз Қазақстанның әскери армиясын қалыптастыруға аянбай қызмет етті. Батыр баба тұлғасын жас буынға жеткізу мақсатында ол Есет Көтібарұлы туралы деректерді жинап, өзінің бастамасымен фильм жасады. Енді сол еңбекті көпшілік назарына ұсынып, жұртшылық алғысын алды.

Есет Көтібарұлы туралы көлемді ғылыми еңбек жазған профессор Зәкіраддин Байдосұлы осы бағыттағы көптеген ізденістерге жол ашып берді. Журналист-қаламгерлер, зерттеушілер Тауман Төреханов, Жұма-Назар Асанов, Иманбай Жұбаев, Бақытжанов Қосанов және басқалары өздерінің жазбаларында батыр тұлғасын әр қырынан өрнектеп отырды.

Ал Антантай Үмбетайұлы, Сағит Жантөрен, Елубай Төлепберген, Жексенби Кептілеуов, Әбділ-Әшім Оқапов, Орынбасар Өтегенов, Әділкерей Әуелбаев, Сабыржан Мұхтаров, Ислам Иманов, Қасым Маханов, Мырзатай Төреханов, тағы да басқа азаматтар баба ерлігін ұлықтау жолындағы қандай да қызметтерге қолдау көрсетіп, үнемі жанашырлық көрсетіп жүрді.

\*\*\*

... Есет батыр Көтібарұлына ескерткіш қою салтанаты ерлікке тағзым етудің ерекше үлгісі болғанын тағы бір мәрте атап өткіміз келеді.

Мәдениет саласының үздігі, белгілі актер Мағзұм Бақытжанов пен оның өмірлік серігі, Қырғызстан Республикасының мәдениет қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Шалқия Бақытжанова сахналаған батыр баба өмірінің әртүрлі кезеңдері көрермендердің көз алдына өткен ғасырлар келбетін әкелді. Бала Есеттің батыр Есетке дейінгі көтерілу сәттері шынайы бейнеленіп, жұртшылықты тәнті етті.

Нұрмұханбет ДИЯРОВ.

### Тау тұлғаға құрмет

Бұл шараға халық көп жиналды. Өйткені ел жадында есімі берік орныққан халық батырының ескерткіші орнатылуы сәтін көпшілік асыға күткен еді.

«Ел мен жердің тұтастығы, халқымыздың сындарлы кезеңдерден есендікте өтіп, төл тарихын қалыптастыра білуі — ел қамында болған тарихи тұлғалардың арқасы. Осындай ел басына күн туған кезеңде халқымыздың бағына біткен, қол бастаған батырлары аз болмаған. Олардың қатарында Ақтөбе өңірінен шыққан Бөкенбай Қараұлы, Есет Көкілұлы, Сәңкібай батыр, Тілеу Айтұлы, Көтібар батыр секілді ержүрек бабаларымыздың аты белгілі. Солардың бірі әрі бірегейі — батыр бабамыз Есет Көтібарұлы. Есет батыр — қазақ тарихында ерекше өз орны бар, бүкіл өмірін халқының азаттығына арнаған, өмірлік ерлік жолы қазақ тарихына алтын әріппен жазылған тұлға. Жастар, өскелең ұрпақ өздерінің ұлы ата-бабалары, олардың батырлығы мен ерліктерін білуі керек. Осылайша біз жас қазақстандықтарды патриоттық рухта тәрбиелеп, ұлттық сана-сезімін қалыптастыра аламыз», — деп атап көрсетті облыс әкімі Ералы Тоғжанов ескерткіштің ашылуы салтанатында сөйлеген сөзінде.

«Бүгінгі таңда Есет батырға ескерткіш орнатудың маңызы зор екенін әрқайсысымыз түсінеміз. Оның өмір жолы бүкіл халық үшін батылдық пен табандылықтың үлгісі бола алады», — деп атап өтті жиынға қатысқан белгілі журналист, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Сауытбек Әбдірахманов.

«Халқымыздың өмірін сақтауға, Тәуелсіздік туралы ғасырлар бойғы арманына қол жеткізуге арнаған батыр бүгінде егемен Қазақстанда өзінің заңды тарихи орнын алады», — деді Астанадан келген Әлем дәрігері, Қазақстанның Еңбек Ері, профессор Серік Ақшопқов.

### Тақырып арқауы — ерлік пен елдік

Ескерткіштің ашылу салтанатынан кейін Тахауи Ахтанов атын-

дағы облыстық драма театрында «Есет Көтібарұлының басшылығымен ұлт-азаттық көтеріліс: алғышарттары, нәтижесі, тағылымы» тақырыбында республикалық ғылыми-теориялық конференция өтті.

Жиынды ашқан облыс әкімінің орынбасары Бұлбұл Елеусінова ерлік пен елдік ұғымының қай кезде де биік тұратынын айта келіп, осы тұрғыдан Есет Көтібарұлы секілді тұлғалардың қоғам дамуындағы рөлі ерекше екендігін алға тартты.

Басқосу тізгінін қолға алған Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің проректоры, тарихшы-ғалым Рахым Бекназаров сөз кезегін өзінің әріптестеріне берді.

Белгілі ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Сарайшық мемориалды кешенінің директоры Әбілсейіт Мұхтар мен тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздік қызметкері Самат Құрманалин, профессор Самат Өтениязов және басқалары Ресейдің озбырлық саясатына қарсы ұйымдастырылған көтерілістердің әлеуметтік-саяси мәнін кеңі-

